

Құлсары қаласы



Қазақстандағы қала,
Атырау облысы, Жылыой
ауданының және Құлсары
қалалық әкімдігінің
орталығы. Облыс орталығы
- Атырау қаласына дейінгі
ара қашықтығы — 220 км.
1952 жылдан бері Жылыой
ауданының орталығы.

Темір жол стансасы,
құбырлар жүйесінің торабы.
Қамыскөл көлінің оңтүстік-
шығыста орналасқан.



Тарихы

- Иргесі 1939 жылы осы өңірден мұнай мен газ өндірілуіне байланысты қаланды. Атауы 19-ғ-дың басында осында өмір сүрген және жерленген, ел арасында беделді, көріпкелдігі де бар Құлсары Тінекейұлы Адай руынан шыққан. Ата шежіресі бойынша Мұңал – Бәйімбет – Сегізбай – Күшік (Ержігіт) – Айғыр – Тінекей – Құлсары. 1934-1938 жж. аралығында бұл өңірде мұнай кенін іздестіру басталған, мұнай барлау-бұрғылау экспедициясын белгілі жазушы С. Шәріпов басқарған. 1938 жылы Құлсары кеніндегі 10-шы ұңғыдан мұнай атқылаған. 1939 жылы Құлсары мұнай өңдеу басқармасы құрылды, алғашқы құрылыс салынған жерден халық тұратын үйлер салында, кейін №1 қазақ ауылдары ескі Құлсары атанды. Құлсарыдан Ұлы Отан соғысы кезінде миллиондаған тонна мұнай, оған қоса Құлсары мұнай өндіру цехының қасынан шағын бензин зауыты іске қосылып, тікелей майданға бензин жөнелтіліп отырды (бұл бензин зауыты 1952ж. жабылды). Құлсары қаласына 2001 жылы 22қыркүйекте қала статусын берді.



Құлсары қаласының халқы туралы мәлімет

р/с	Мазмұны	Өлшем бірлігі	01.01.2017 ж
1	Қаланың құрылғаны	жыл	2001
2	Қаланың аумағы	га	35778
3	Қаланың халқы	адам	57790
4	Үй саны	бірлік	13500
5	Облыс орталығына дейінгі қашықтық	км	230

Экономикасы

- Бүгінде Құлсары Теңіз кен орнын игеру орталығы болып отыр. Мұнда ірі кәсіпорындардан Мұнай-газ өндіру басқармасы, Оңтүстік Ембі мұнай барлау экспедициясы, мұнай айдау стансасы жұмыс істейді. Қала арқылы Мақат-Бейнеу темір-жолы, Құлсары-Доссор, Құлсары-Мұнайлы, Құлсары-Прорва автожолдары өтеді.




Мәдениет үйі

Атырау облысындағы
мұнайлы Жылыой
ауданының орталығы -
Құлсары қаласында 2010
жылы 11 қыркүйекте
ашылды. Кәзіргі кезде 400
орынға арналған және
екіқабатты ғимаратта үлкен
зал, сондай-ақ түрлі
үйірмелер мен студияларға
арналған жайлар бар.
Мәдениет үйі техникалық
тұрғыдан да жақсы
жабдықталған.



«Жылыой аудандық мешіті»

«Жылыой аудандық мешіті» Күлсары қаласында. 1995 жылы салынған. Жобасын сәулетші Б.Сатиев жасаған. Құрылысын «Прикаспийнефтегазстрой» тресі, №2 монтаждау басқармасы, «Қазпромставба» мекемелері жүргізді. Қаражатын Жылыой аудандық әкімдігі мен жеке кәсіпкерлер көтерді. 300 адамға арналған. Ғимараттың көлемі 432 шаршы метр. Ерлер залы 108 шаршы метр, әйелдер залы 72 шаршы метр. Бас мұнарасының биіктігі 15 метр.



Назарларыңызға рахмет!!!